

ISSN 2518-1467 (Online),
ISSN 1991-3494 (Print)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ

Х А Б А Р Ш Ы С Ы

ВЕСТНИК

НАЦИОНАЛЬНОЙ АКАДЕМИИ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

THE BULLETIN

THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

PUBLISHED SINCE 1944

5

SEPTEMBER – OCTOBER 2020

ALMATY, NAS RK

NAS RK is pleased to announce that Bulletin of NAS RK scientific journal has been accepted for indexing in the Emerging Sources Citation Index, a new edition of Web of Science. Content in this index is under consideration by Clarivate Analytics to be accepted in the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index, and the Arts & Humanities Citation Index. The quality and depth of content Web of Science offers to researchers, authors, publishers, and institutions sets it apart from other research databases. The inclusion of Bulletin of NAS RK in the Emerging Sources Citation Index demonstrates our dedication to providing the most relevant and influential multidiscipline content to our community.

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы "ҚР ҰҒА Хабаршысы" ғылыми журналының Web of Science-тің жаңаланған нұсқасы Emerging Sources Citation Index-те индекстелуге қабылданғанын хабарлайды. Бұл индекстелу барысында Clarivate Analytics компаниясы журналды одан әрі the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index және the Arts & Humanities Citation Index-ке қабылдау мәселесін қарастыруда. Web of Science зерттеушілер, авторлар, баспашылар мен мекемелерге контент тереңдігі мен сапасын ұсынады. ҚР ҰҒА Хабаршысының Emerging Sources Citation Index-ке енуі біздің қоғамдастық үшін ең өзекті және беделді мультидисциплинарлы контентке адалдығымызды білдіреді.

НАН РК сообщает, что научный журнал «Вестник НАН РК» был принят для индексирования в Emerging Sources Citation Index, обновленной версии Web of Science. Содержание в этом индексировании находится в стадии рассмотрения компанией Clarivate Analytics для дальнейшего принятия журнала в the Science Citation Index Expanded, the Social Sciences Citation Index и the Arts & Humanities Citation Index. Web of Science предлагает качество и глубину контента для исследователей, авторов, издателей и учреждений. Включение Вестника НАН РК в Emerging Sources Citation Index демонстрирует нашу приверженность к наиболее актуальному и влиятельному мультидисциплинарному контенту для нашего сообщества.

Б а с р е д а к т о р ы

х.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі

М.Ж. Жұрынов

Р е д а к ц и я а л қ а с ы:

Абиев Р.Ш. проф. (Ресей)
Абылкасымова А.Е. проф., академик (Қазақстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Аппель Юрген проф. (Германия)
Баймұқанов Д.А. проф., академик (Қазақстан)
Баймұратов У.Б. проф., академик (Қазақстан)
Байтанаев Б.А. проф., академик (Қазақстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Қазақстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Қазақстан)
Велесько С. проф. (Германия)
Велихов Е.П. проф., РҒА академигі (Ресей)
Кабульдинов З.Е. проф. (Қазақстан)
Қажыбек Е.З. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Қалимолдаев М.Н. проф., академик (Қазақстан), бас ред. орынбасары
Қамзабекұлы Д. проф., академик (Қазақстан)
Қойгелдиев М.К. проф., академик (Қазақстан)
Лупашку Ф. проф., корр.-мүшесі (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Полещук О.Х. проф. (Ресей)
Поняев А.И. проф. (Ресей)
Сагиян А.С. проф., академик (Армения)
Таймагамбетов Ж.К. проф., академик (Қазақстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Шәукенова З.К. проф., корр.-мүшесі (Қазақстан)
Юлдашбаев Ю.А. проф., РҒА академигі (Ресей)
Якубова М.М. проф., академик (Тәжікстан)

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Меншіктенуші: «Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы»РҚБ (Алматы қ.).

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 12.02.2018 ж. берілген № 16895-Ж мерзімдік басылым тіркеуіне қойылу туралы куәлік.

Тақырыптық бағыты: *іргелі ғылымдар саласындағы жаңа жетістіктер нәтижелерін жария ету.*

Мерзімділігі: жылына 6 рет.

Тиражы: 2000 дана.

Редакцияның мекенжайы: 050010, Алматы қ., Шевченко көш., 28, 219 бөл., 220, тел.: 272-13-19, 272-13-18,
<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы, 2020

Типографияның мекенжайы: «NurNaz GRACE», Алматы қ., Рысқұлов көш., 103.

Г л а в н ы й р е д а к т о р
д.х.н., проф. академик НАН РК
М.Ж. Журинов

Р е д а к ц и о н н а я к о л л е г и я:

Абиев Р.Ш. проф. (Россия)
Абылкасымова А.Е. проф., академик (Казахстан)
Аврамов К.В. проф. (Украина)
Апель Юрген проф. (Германия)
Баймуканов Д.А. проф., академик (Казахстан)
Баймуратов У.Б. проф., академик (Казахстан)
Байтанаев Б.А. проф., академик (Казахстан)
Байтулин И.О. проф., академик (Казахстан)
Банас Иозеф проф. (Польша)
Берсимбаев Р.И. проф., академик (Казахстан)
Велеско С. проф. (Германия)
Велихов Е.П. проф., академик РАН (Россия)
Кабульдинов З.Е. проф. (Казахстан)
Кажыбек Е.З. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Калимолдаев М.Н. академик (Казахстан), зам. гл. ред.
Камзабекулы Д. проф., академик (Казахстан)
Койгельдиев М.К. проф., академик (Казахстан)
Лунашку Ф. проф., чл.-корр. (Молдова)
Мохд Хасан Селамат проф. (Малайзия)
Новак Изабелла проф. (Польша)
Огарь Н.П. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Полещук О.Х. проф. (Россия)
Поняев А.И. проф. (Россия)
Сагьян А.С. проф., академик (Армения)
Таймагамбетов Ж.К. проф., академик (Казахстан)
Хрипунов Г.С. проф. (Украина)
Шаукенова З.К. проф., чл.-корр. (Казахстан)
Юлдашбаев Ю.А. проф., академик РАН (Россия)
Якубова М.М. проф., академик (Таджикистан)

«Вестник Национальной академии наук Республики Казахстан».

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Собственник: РОО «Национальная академия наук Республики Казахстан» (г. Алматы).

Свидетельство о постановке на учет периодического печатного издания в Комитете информации Министерства информации и коммуникаций и Республики Казахстан № **16895-Ж**, выданное 12.02.2018 г.

Тематическая направленность: *публикация результатов новых достижений в области фундаментальных наук.*

Периодичность: 6 раз в год.

Тираж: 2000 экземпляров.

Адрес редакции: 050010, г. Алматы, ул. Шевченко, 28, ком. 219, 220, тел. 272-13-19, 272-13-18.

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© Национальная академия наук Республики Казахстан, 2020

Адрес типографии: «NurNazGRACE», г. Алматы, ул. Рыскулова, 103.

E d i t o r i n c h i e f

doctor of chemistry, professor, academician of NAS RK

M.Zh. Zhurinov

E d i t o r i a l b o a r d:

Abiyev R.Sh. prof. (Russia)
Abylkasymova A.E. prof., academician (Kazakhstan)
Avramov K.V. prof. (Ukraine)
Appel Jurgen, prof. (Germany)
Baimukanov D.A. prof., academician (Kazakhstan)
Baimuratov U.B. prof., academician (Kazakhstan)
Baitanaev B.A. prof., academician (Kazakhstan)
Baitullin I.O. prof., academician (Kazakhstan)
Joseph Banas, prof. (Poland)
Bersimbayev R.I. prof., academician (Kazakhstan)
Velesco S., prof. (Germany)
Velikhov Ye.P. prof., academician of RAS (Russia)
Kabuldinov Z.E. prof. (Kazakhstan)
Kazhybek E.Z. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Kalimoldayev M.N. prof., academician (Kazakhstan), deputy editor in chief
Kamzabekuly D. prof., academician (Kazakhstan)
Koigeldiev M.K. prof., academician (Kazakhstan)
Lupashku F. prof., corr. member (Moldova)
Mohd Hassan Selamat, prof. (Malaysia)
Nowak Isabella, prof. (Poland)
Ogar N.P. prof., corr. member (Kazakhstan)
Poleshchuk O.Kh. prof. (Russia)
Ponyaev A.I. prof. (Russia)
Sagiyani A.S. prof., academician (Armenia)
Tajmagambetov Zh.K. prof., academician (Kazakhstan)
Khripunov G.S. prof. (Ukraine)
Shaukenova Z.K. prof., corr. member. (Kazakhstan)
Yuldashbayev Y.A., prof., academician of RAS (Russia)
Yakubova M.M. prof., academician (Tadjikistan)

Bulletin of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

ISSN 2518-1467 (Online),

ISSN 1991-3494 (Print)

Owner: RPA "National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan" (Almaty).

The certificate of registration of a periodical printed publication in the Committee of information of the Ministry of Information and Communications of the Republic of Kazakhstan No. **16895-Ж**, issued on 12.02.2018.

Thematic focus: *publication of the results of new achievements in the field of basic sciences.*

Periodicity: 6 times a year.

Circulation: 2000 copies.

Editorial address: 28, Shevchenko str., of. 219, 220, Almaty, 050010, tel. 272-13-19, 272-13-18,

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

© National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, 2020

Address of printing house: «NurNaz GRACE», 103, Ryskulov str, Almaty.

Ұ. Д. Жүзбаева, Б. Ш. Батырхан

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.
E-mail: uldanai1994@mail.ru, bolatkazakh@gmail.com

**ӘБУЛ-ФИДАНЫҢ «ТАҚУИМ ӘЛ-БҰЛДАН» ЕҢБЕГІНДЕГІ
ХОРЕЗМ ӨЛКЕСІНІҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ**

Аннотация. Мақаланың мақсаты – Хорезмнің тарихи географиясын зерттеу, сонымен қатар қоғам мен табиғаттың аймақтағы және ішінара іргелес аумақтардағы ықпалдастығын жан-жақты талдау. Мақалада Әбул-Фиданың «Тақуим әл-Бұлдан» шығармасында айтылған орта ғасырлардағы Хорезм аймағының тарихи және географиялық деректері қарастырылады. Деректер жазба дереккөздерден белгілі. Сонымен қатар, мақала археологиялық зерттеулердің материалдары мен Әбул-Фида дәуіріндегі басқа ғалымдардың еңбектерінен алынған мәліметтерге негізделген. Хорезм аймағы қалалары мен елді мекендерінің географиясы мен әлеуметтік сипаттамаларын кешенді зерттеу Орта Азияда отырықшы және көшпелі дәстүрлер тоғысында пайда болған жоғарғы өркениет пен оның қалалық мәдениетінің қазіргі мемлекеттердің қалыптасуына ықпалы туралы мәліметтерді растайды. Автор ортағасырлық зерттеушілердің жазба дереккөздеріне сілтеме жасай отырып, қалалардың сәулетін, географиялық координаттарын, табиғаты мен климатын, өнер мен қолөнерді, ғылым мен білімді, халықтың ерекшеліктерін және т.б. сипаттайды. Зерттеуде Хорезмнің құрамына кірген мына негізгі қалалар қарастырылды: Куркандж, Джурджания, Кәс, Замахшар, Назарасб, Дарған, Фарабр және басқалар. Сондай-ақ мақалада ортағасырлардағы Хорезмдегі су ресурстарын пайдалану әдістері және ирригациялық жүйенің дамуы секілді мәселелер талданған.

Түйін сөздер: Хорезм, география, орта ғасыр, қала.

Кіріспе. Табиғи-географиялық фактордың аймақтардың немесе жекелеген мемлекеттердің тарихи дамуына әсер ету мәселелеріне деген қызығушылықтың артуына байланысты ортағасырлардағы Еуразияның әртүрлі аймақтарының тарихын зерттеудің маңыздылығы артуда. Шығыста, атап айтқанда, Орталық Азияда адамдар табиғи жағдайларға тәуелді болды, бұл зерттеушілерді белгілі бір аймақтың тарихи-географиялық ерекшеліктеріне ерекше назар аударуға итермеледі.

Хорезм – Батыс Орта Азиядағы ежелгі мемлекет. Хорезм өркениеті шамамен б.з.д. II мыңжылдықтың ортасында пайда болды. Ол ежелгі Египет пен Вавилонның пайда болғаннан кейін қалыптасты, бірақ табиғи жағдайлары өте ұқсас еді. Ұлы Әмудария өзенінің қайнаркөзі Памирдегі таулы мұздықтардан бастау алып, дәл бүгінгідей Қызылқұм шөлінің төменгі шетінде құнарлы оазис қалыптастыру үшін мыңдаған шақырымға ағып жатты (Маткаримов, 2016). Оның негізгі территориясы өте құнарлы оазис болды, қазіргі кезде бір бөлігі Өзбекстанға, бір бөлігі Түркіменстанға және Қазақстанға тиесілі. Қола дәуірінен бастап-ақ бұл аумақты адамзаттың жоғары мәдениетінің бесігі еткен суармалы егіншілік кеңінен дамыды.

Өзен-суы мол, Арал теңізінің маңында балығы мен жабайы аң-құсы көп, мал жайылымдары кең болғандықтан Хорезм жері бірегей мәдениеттің бесігіне айналды, оның артында ғаламат ескерткіштер қалды, дәлірек айтқанда, жоғалған қалалар мен алып бекіністер мұрасы.

Орта Азияның тарихын зерттеген кеңес ғалымы Сергей Толстов өзінің «Ежелгі Хорезм. Тарихи және археологиялық зерттеулер тәжірибесі» атты еңбегінде Хорезмнің тарихын үш кезеңге бөліп қарастырды: алғашқы Хорезм (келтеминар мәдениеті, тазабағяб мәдениеті, амирабад мәдениеті), антикалық Хорезм (тұрғын қабырғалары бар бекіністі қоныстардың мәдениеті, қаңлы мәдениеті, кушан мәдениеті, кушан-афригид мәдениеті), ортағасырлық Хорезм (афригид мәдениеті, афригид-саманидтер мәдениеті, хорезмшах мәдениеті, хорезм-жошылар мәдениеті) (Толстов, 1948). Ұсынылып отырған мақалада Әбул-Фиданың «Тақуим әл-бұлдан» (Abu al-Fida, 1956) еңбегінің желісі бойынша ортағасырлық Хорезм қарастырылмақ.

Әдістеме. Автор Хорезм аймағындағы қалалардың географиясын, құрамы мен құрылысын, түрлі әлеуметтік бағыттар бойынша ерекшеліктерін сипаттау үшін тарихи-сипаттамалық әдістерді қолданады. Сонымен қатар Әбул-Фиданың «Такуим әл-бұддан» еңбегіндегі Хорезм өлкесінің тарихи географиясын зерттеу барысында мақалада елдімекендерді салыстыру үшін тарихи компаративистика әдісі, қалаларды жіктеп суреттеу үшін типологиялық және жүйелік әдіс, әртүрлі уақыт аралығындағы аймақтың ахуалын талдау үшін тарихи кезеңдеу әдісі, тарихи процесті қазіргі күйден оқиғалар мен құбылыстарды өткенге қайта құру жолын зерделеу үшін ретроспективті әдіс қолданылды.

Негізгі бөлім. Әбул-Фида екі ауқымды жинақтың – 1329 жылға дейінгі дүниежүзілік тарихтың және «Елдерді ретке келтіру» («Такуим әл-бұддан») атты географиялық еңбектің авторы ретінде белгілі, ол Жерді және сол уақытқа дейінгі барлық елдер мен халықтарды сипаттайды. Әбул-Фиданың діни және әдеби тақырыптарға жазған жазбалары жоғалған болып саналады.

Әбул-Фида шығармасы әртүрлі сипаттағы екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлігі – Жер, экватор, жер беті, жердің көлемі мен жеті климат, бес ұлы теңіз туралы жалпы ақпаратты қамтитын кең кіріспе. Одан кейін теңіз, көл, өзен, таулардың сипаттамасы берілген, еңбектің жоспары көрсетілген.

Еңбектің екінші бөлігінің көлемі үлкен, 28 бөлімнен тұрады. Олар әл-иклим әл-хакикийге, яғни «нағыз климатқа» астрономиялық ұғым ретінде қарама-қарсы «климат» - әл-иклим сигурфийу («жай климат») деп аталатын географиялық аймақтарды сипаттауға арналған. Жер аймақтары Әбул-Фида кітабында келесі ретпен сипатталған: Арабия, Египет, Магреб, Судан, Андалусия, Жерорта теңізі мен Атлант мұхитындағы аралдар, солтүстік жерлер (Шығыс Еуропаның сипаттамасын қамтитын франктер мен түркілер жерлері), Сирия, әл-Жазира (Месопотамия), Ирак, Хузистан, Фарс, Кирман, Сижистан, Синд (Пенджаб), Үндістан, Қытай, Шығыс теңіз аралдары, Рум (Кіші Азия), Армения (Арран және Әзірбайжанмен), Парсы Ирак, Дейлем (және Гилан), Табаристан (Мазандаранмен), Хорасан, Забулистан (және Гур), Тохаристан, Хорезм, Мәуереннахр.

28 бөлімнің әрқайсысы екіге бөлінеді: сипаттамалық және кестелік. Сипаттамада белгілі бір аймақтың шекаралары, саяси құрылымы, халықтың этникалық құрамы, әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдері, бас қалалар туралы мәліметтер бар; бағдар боларлық мәліметтер де берілген. Сонымен қатар, Әбул-Фида әртүрлі аймақтардың қалалары туралы ақпаратты әл-Хорезми мен әл-Баттани кестелеріне ұқсас кесте түрінде жинақтады. Әбул-Фиданың өзі кестелік жүйесін XI ғасырдың аяғы мен XII ғасырдың басындағы араб дәрігерінен алғандығын айтады, Яхия ибн Жазли өзінің «Тәнді ретке келтіру» («Такуим әл-абдан») атты астрономиялық кестелерді үлгі ретінде қабылдап, кесте түрінде түрлі ауру туралы мәліметтерді жүйелеген болатын.

Шығыс Еуропа елдері мен халықтары «франктер, түріктер елін және басқаларды қамтитын жердің солтүстік бөлігі туралы оқиға» деп аталатын бөлімде суреттелген. Сонымен бірге, қарастырылып отырған аймақ туралы ауқымды деректер қамтылған туынды туралы жалпы географиялық кіріспеде Шығыс Еуропаны шайып жатқан теңіздер және оның аумағы арқылы ағып жатқан өзендер туралы мәтіндерден тұрады.

Хорезм – аумақтық жердің (ауданның) аты және бұл Хорасан мен Мәуереннахрдан бөлек орналасқан аймақ, жан-жағы кең алқабтармен қоршалған. Ол батыста түрік елдерімен, оңтүстігінде Мәуереннахр елдерімен, солтүстігінде түрік елдерінің қалған бөлігімен шектесіп жатыр. Бұл аймақ Әмударияның оңтүстігінде орналасқан, арнайы құрылыс (бөгет) жоқ болғандықтан аталған өзен Хорезмдік көлге барып құяды. Хорезмнің орталығы Әмударияның сол жағында орналасқан. Ең үлкен қаласы «Куркундж» болып саналады. Ол Әмударияның оңтүстік бөлігінде орналасып, араб тілінде «Джурджания» деп айтылған. Ибн Хауқал бұл қала жайында: «Хорезм мемлекеті – ең суық мемлекеттердің бірі» деп айтқан (Muhammad Ibn Hawqal, 2014). Оның пікірінше, Әмудария өзені Хорезм жағынан қататындықтан, негізгі қаласы «Хорезмдік» деп аталады. Сол себепті өзеннің жағасы танымал болған, оның арғы жағына адамдар қала тұрғызған. Әл-Муһаллаби былай деп келтіреді: «Әмударияның солтүстік бөлігінде қала болды. Хорезм елдімекендері Хорезмдік өзеннің оңтүстік шығысында орналасып, Хорезмнен Амулге дейін шамамен 12 деңгей, ал Хорезмнен Хорезмдік өзенге дейін 6 деңгейде орналасқан».

«Үлкен Куркандж». «Әл-Мүштәрик» авторы былай деп жазады: «Куркандж» – Хорезмнің екі қаласының аты (Yaqut, 2010). Біріншісі, «Үлкен Куркандж» ең негізгі қаласы Әмударияның жағасында орналасқан, екіншісі, «Кіші Куркандж» қала «үлкеніне» жақын орналасқан, себебі арақашықтық 10 шақырымдай ғана жерді құрады. Йәкиннің айтуынша ұзынға созылған базар орталықтары бар 10 елдімекені болған. Шетелдіктер қаланы «Куркандж» деп атаса, арабтар

«Джурджания» деп атаған және әр қаланың жеке өзіне тән аты болған. «Канонда» айтылғандай бұл қала Әмударияның батыс бөлігінде орналасқан.

«Джурджания». «Әл-Мүштәрик» кітабында айтылғандай кіші Куркандж қаласы үлкен Курканджға жақын орналасқан. Арабтар Әмударияның батысында орналасқан бұл қаланы «Джурджания» деп атаған.

«Кәс». «Әл-Ғазизий» кітабында былай деп жазылған: «Түрік жерлерінің заманауи ауылдарымен Кәстің арақашықтығы 50 фарсах». Фарсах – ұзындықтың көне өлшем бірлігі, шамамен бір күндік жаяу жүретін жол. Ибн Саидтың (Крачковский, 1957) жазуынша, Хорасан елінің ішіндегі әйгілі қалаларға – Кәс, Куркана, Һазарасб қалалары жатады.

«Замахшар». «Әл-Любаб» (Al-Maydani, 2017) авторы былай деп жазады: Замахшар – Хорезм ауылдарының ішіндегі ең үлкен ауыл болып саналады, халқының арасында белгілі оқымысты Әбу әл-Қасым Махмұд әз-Замахшари есімді тұлға болды. Автордың айтуынша, оның белгілі туындыларымен қатар, арнайы әдебиет жинағы да бар.

«Һазарасб». «Әл-Любаб» кітабында: «Һазарасб парсы тілінде Һазарасф деп аталған». «Әл-Ғазизий» авторы былай жазады: «Бұл қала Әмударияның батысында орналасқан, Һазарасб қаласымен Кәсқаласының арақашықтығы – алты фарсах».

«Дарған». Бұл – Хорезмнің шеткі бөлігінде орналасқан қала. «Әл-Ғазизий» кітабына сүйінсек, Һазарасб қаласымен арасы 24 фарсахқа тең. Дарған – Хоросанның ең бірінші салынған қалаларының бірі.

«Фарабр». «Әл-Любаб» кітабынан келесідей жолдарды оқуға болады: «Фарабр – бұл Әмударияның шетіндегі Бухарамен шектесіп жатқан қала». «Канон» атты кітапта былай деп келтіріледі: «Фарабр – Мәуереннахрдан басталып, Хорасаннан аяқталатын қалаға жатады». Ибн Хауқалдың жазуынша, қаланың Әмударияға қатысты тұрғылықты ауыл-айлықтары бар. Фарабр – Хорезм аймағына жақын орналасқандықтан, оның құрамына кірген елді мекендердің бірі.

Хорезмнің халқына келетін болсақ, III ғасырдан бастап ғұндар мекендеді. Кейбір зерттеушілер ғұн тілін түркі тіліне жатқызды (Тенишев, 1997). VI ғасырдан бастап Хорезмнің негізгі түркітілдес этностары түркілер болды, өйткені Хорезм Түрік қағанатына тәуелді еді. VII ғасырдан бастап Хорезм түркі мемлекеті Хазар қағанатымен тығыз байланысты болды және халықтың көші-қоны процестері жүрді. Хазар Хаканының әскері қатарында көптеген хорезмдіктер болды. X ғасырдың парсы географтары Хорезм қаласы Баратегин туралы айтады. Атауынан байқалғандай, қаланы түркілер мекендеген немесе оның негізін қалаған. Истахри оны Хорезмнің 13 қаласының қатарына жатқызады, ал әл-Макдиси оны Хорезмнің 32 қаласына қосады.

Көрнекті ғалым және этнограф Бируни өз еңбектерінде Хорезмдегі түркі тұрғындары қолданған түркі айлары мен түркі дәрілік шөптерінің атын келтіреді. Бируни (Абу Рейхан Бируни, 1957) өзінің Хорезмде шамамен 1000 жылы жазылған «Өткен ұрпақтың ескерткіштері» атты еңбегінде Хорезмнің түркі тұрғындары қолданған жануарлар цикліне сәйкес жылдардың түркілік атауларын береді. Бұл шығармада түркі тілінде ай аттарын да береді. Хорезмді исламдандыру және түркілендіру әдеби, ғылыми және діни шығармаларды жасауда, сонымен қатар араб және парсы туындыларын түркі тіліне аударуда көрініс тапты. Ыстамбұлдың Сүлеймения кітапханасында Құранның түркі тіліне аудармасы сақталған, ол Хорезмде жасалған және 1363 жылдың қаңтар-ақпан айларында жазылған деп мерзімі белгіленген. Ежелгі Хорезм территориясы түрікмен этносының қалыптасу орталықтарының бірі еді. X ғасырда түрікмендер (оғыздар) Хорезмде жетекші этникалық рөл атқара бастайды және кейінгі бірнеше ғасырларда мемлекеттің негізі түркі этносына айналады (Дурдыев, 1993). Бұл деректерден көріп отырғанымыздай, Әбул-Фиданың «Такуим әл-бұлдан» еңбегіндегі Хорезм өлкесінде түркі-мұсылман халықтары өмір сүрген.

Белгілі бір тарихи кезеңдерде Орталық Азияның көптеген ірі және кіші орталықтары мәдени, экономикалық, саяси және әлеуметтік дамуда белгілі бір рөл атқарды, олар аймақ халықтарының ортақ тарихына ықпал етті. Олардың бірі ең солтүстігінде орналасқан Хорезм болды, Орта Азия мен Ұлы Дала арасында, яғни екі әлемнің тоғысында – көшпелі және отырықшы мәдениеттің арасында орналасты. Сол себепті де Хорезм екі өркениетке де тән тарихи оқиғалардың куәсі болды.

Судың көптігі, құнарлы жер, қоңыржай климат ежелгі дәуірден бастап көп адамдарды жинады, олар құнарлы жерді игеріп, оны ежелгі мәдениеттің орталығы болған керемет оазиске айналдырды. Оазисте қала мәдениеті, қолөнері және сауда қатынастары өркендеді.

Хорезм Мәуереннахр экономикасында маңызды рөл атқарды, сол арқылы Ұлы Жібек жолының солтүстік тармақтарының бірі транзиттік сауда жолы өтті. Ал хорезмдік сәулет мұрасын

тұтастай алғанда Орта Азия тарихындағы орны сақталған ерекше сәулет ескерткіштерімен танымал, сонымен қатар Хорезм сәулетшілерінің Орта Азияның құрылысына және бейнелеу өнеріне қосқан үлесі орасан, кейінірек бұл дәстүрлер сақталып, құрылыс өнерінің дамуына көмектесті.

Археологиялық қазба жұмыстары хорезмдіктер тек сауда және ауылшаруашылығымен ғана емес, ғылыммен де айналысқандығын растайды. Хорезмдіктер астрономия мен математиканы кеңінен игерді. Олар бұрыш өлшеу қондырғыларын ойлап тауып, оларды ғылыми зерттеулерінде қолданды. Астрономиялық және көптеген жаратылыстану ғылымдары ежелгі Хорезмде дамыды.

Хорезмдегі өмір сүру орындары салыстырмалы түрде тар территорияларда (ені бірнеше км) шоғырланды, ирригациялық құрылыстар сол заман үшін жоғары деңгейде, ерекше өнермен жасалды. Ол кезде Амударияның төменгі ағысындағы суландырудың жалпы көлемі 1,3 млн. га құрады, бұл Хорезм облысының қазіргі суармалы жерінен 4 есе көп еді. Тұрғындар өмірі, әлауқаты суландырудың және суландыру құрылыстарының дамуына байланысты болды. Олардың жұмысын қамтамасыз ету жүздеген мың адамдардың үлкен күш-жігерін қажет етті. Ирригация – қауымдастық – мемлекет – ежелгі Хорезмнің қалыптасқан экономикалық механизмінің басты негізі болды, онда қауымдастық негізгі рөл атқарды. Оның сақталуына бүкіл қоғам мүдделі болды – билік басшылары, шаруалар және қауымдастық мүшелері.

Ауылшаруашылығы дәнді дақылдар – тары, арпа, бидай өсіруге бағытталды. Көгалдандыру, бақша шаруашылығы, жүзім шаруашылығы кеңінен дамыды. Жүзім үлкен «мамандандырылған» шаруашылықтарда өсірілді және жиналған өнімнің көп бөлігі шарап өндіруге пайдаланылды. Ірі кара мал басы көбейген кезде мал өсіру маңызды рөл атқарды.

Металлургия қолөнер өндірісінде маңызды рөл атқарды, мұнда темір құю және өңдеу, ұсақ бұйымдар өндірісі болды. Қыш шығару өндірісі де дамыды, ал кейбір елдімекендерде қышшылардың жеке орындары айқын көрінеді. Керамикалық (қыш) ыдыс-аяқтардан басқа терракота (күйдірілген саз) мүсіншелері де шығарылды. Далалық шекарада керамика өндірісінің бірқатар ірі орталықтары орналасты, бұл көшпенділер үшін мақсатты жұмыс атқаруға мүмкіндік берді. Өртүрлі зерттеулер сүйек кесетін шеберханалардың болғандығын көрсетеді, онда күрделі садақтар, түйреуіштер мен инелер үшін сүйек және мүйізді тесіктер жасалды. Мақта және жүн маталарын тоқымалары кең етек жайды. Шыны ыдыс-аяқтар да дамыды, бірақ ол, ең алдымен, белдік, моншақ пен сақиналарға әшекей шығарумен шектелді.

Хорезмде мыс монеталары айналымда болды, бұл қоғамдағы тауар-ақша қатынастарының дамуын көрсетеді. Парфия мен ирандық мыс монетасының номиналы үлгі ретінде алынды. Сонымен қатар Хорезм монеталары күмістен де соғылған, олар Грек-Бактрия билеушісі Евкратидтердің тетрадрамаларын қайталаған. Монеталардың пайда болуы солтүстік бағыты Хорезм арқылы өтетін Ұлы Жібек жолындағы сауда қатынастарының жандануымен байланысты болды.

Хорезм – Орталық Азияның ежелгі тарихи және мәдени аймақтарының бірі. Арабтардың жаулап алған дәуірінің қайнар көзінде Хорезм – мың қорғанның мекені деп айтылған. Шын мәнінде, бүгінгі таңда Хорезм облысының аумағында археологтар көптеген ежелгі қоныстарды, бір кездері қуатты болған бекіністер мен патша сарайларын тапты. Олардың ішіндегі ең әйгілісі – Топырақ-Қала, Жанбас-Қала, Қой-Қырылған-Қала, Қызыл-Қала және Аяз-Қала (бұл жердегі «қала» сөзі бекініс деген мағынаны білдіреді). Бүгінгі күннің өзінде қирап қалған бекініс қалдықтардың ұлан-ғайырлығы мен ауқымы ұлылығымен және мықтылығымен таң қалдырады. Мыңдаған бекіністер сусыз далаға жайылған және алып пұттар сияқты ежелгі Хорезм құпияларын сақтап жатыр.

Хорезмнің мәдени өмірінің жандануы, оның әлемдік маңызы бар ғылыми орталықтардың біріне айналуы және осы жерде көрнекті ғалымдардың, өз заманының жоғары зиялыларының пайда болуы көбінесе аймақтың тарихи-мәдени дамуының өткен ғасырдағы жағдайына байланысты болды. IX ғасырдың аяғынан бастап Хорезм әлемге көрнекті ғалым-саңлақтарды бере бастады. 783 жылы өз заманының ірі ғалымдарының бірі Мұхаммед әл-Хорезми дүниеге келді (845 жылы қайтыс болды). IX ғасырдың басында әл-Хорезми халифаттың шығыс аймағының билеушісі Мамунның сарайындағы ғалымдардың бірі болды, ол біраз уақыттан кейін халифа болып Бағдатқа көшіп, әл-Хорезмиді сонда шақырды. Ол орта ғасырдағы ең үлкен ғылыми орталықты – Мамун академиясы ретінде танымал болған Даналық үйін басқаруға шақырылады.

Демек, Хорезм IX-X ғасырларда өмірдің барлық салаларында – ғылымның, мәдениеттің және өнердің өркендеуіне куә болды. Хорезм Орталық Азия мемлекеттерінің Шығыс Еуропа, Төменгі Еділ аймағы және Хорасан елдерімен транзиттік саудасында маңызды рөл атқарды. Сондай-ақ, Хорезмнің осы аймақтармен жеке сауда айналымы болды. Сауданың дамуымен экономика қалпына келді, қалалар мен қолөнер дамыды. Әл-Мақдиси X ғасырдағы Хорезм қалалары туралы

былай дейді: «Хорезм – құнарлы қала, азық-түлігі мол ...», Кит туралы: «Хорезмнің бас қаласы ... үлкен байлыққа ие ...» (Al-Muqaddasi, 2000).

Әбу Райхан әл-Беруни (973-1048) – Хорезмнің ұлы ғалымы. XI ғасырда оның есімі математика және астрономия саласындағы ғылыми жұмыстарының ерекше жетістіктеріне байланысты Еуропада белгілі болды. 1004 жылы әл-Беруни Гурганж қаласындағы Хорезмшах Мамунның сарайында 1017 жылға дейін жұмыс істеді, яғни Хорезмдегі өнер мен ғылымның даму шағында. Ол Бағдат академиясына ұқсас Хорезмдік Мамун академиясының ұйымдастырылуына қатысты. Академияны басқарған әл-Берунимен қатар құрамына Ибн Ирак, Ибн Сина, Әбу Сал Мажихий, Әбул Қайыр Хамар, Әбу Мансұр әс-Салибий және басқа да көрнекті ғалымдар, ақындар мен ойшылдар кірді.

IX-XIV ғасырларда Хорезм мәдениеті мен өнерінде түбегейлі өзгерістер болды – ислами жаңа идеологияның әсерінен қалалардың келбеті мен құрылымы өзгерді, жаңа діни және әкімшілік ғимараттар салынды: мешіттер, медреселер, кесенелер, керуен-сарайлар. IX-X ғасырлардан бастап сәулет өнері мен қолөнер бірінші орынға шықты. Ол кездегі ескерткіштер сақталмағанымен, тарихшылар сол кездегі Хорезмнің астанасы – Китада, базарлар орналасқан бекініс дуалдарының артында үлкен мешіт салынғандығын, оның жанында Хорезмшах Мамунға сарай тұрғызылғандығын айтады. Сол уақыттағы Үргеніште дәл сол билеуші салған тағы бір сарайдың қақпаларының әсемдігі туралы әл-Мақдиси былай деп жазады: «Хаджадж қақпаларында әл-Мамун салған сарай бар. Сарайдың қақпалары бар, бүкіл Хорасанда олардан асқан сұлулық жоқ». Бұдан қақпаның оюланған декоры туралы айтып отырғанын көруге болады, өйткені тарихшылардың айтуынша, сол кездегі құрылымдардың интерьерлерін жобалау кезінде ағаштан жасалған бағаналар кең қолданылған. Мәліметтерге сәйкес, Ишанқала жұма мешітінің бағана залында орналасқан ең көне бағандар Хиуаға X ғасырда Кият мешітінен Амудария суы басқан кезде алынған. Сонымен бірге бейнелеу өнерінің монументалды түрлері жоғалады, алдыңғы ғибадаттармен және діни наным-сенімдермен байланысты оссуарийлер, қабырға кескіндемесі, мүсін қасиетті (сакралды) дағдыдан шығады.

Өнердің мазмұны мен тақырыбы өзгереді: бейнелі суреттер жоғалып кетеді, олардың орнына өсімдік-геометриялық сипаттағы ою-өрнек стилі келеді. Хорезмдегі көптеген көркем қолөнер туындыларын рәсімдеуде әйнектелген керамика кең таралады, ою-өрнек басты орынға шығады. Жылтыратылған плиткалар, қаңылтыр және ағаштан жасалған оюлар жаңа сәулет құрылыстарының дизайнына енеді. XI-XII ғасырлардағы күйдірілген кірпішті құрылыс материалы ретінде пайдалану және Хорезм архитектурасының декорациясындағы ағаштан жасалған теракоталар мен жылтыратылған плиткалар, ағаштан жасалған оюлар Хорезм сәулетінің жаңа эстетикасының негізін қалады. Хорезм мәдениеті мен өнерінің өзіндік даму кезеңі, негізінен ислам дінінің таралуына байланысты басталады.

Қала құрылысы мен сәулет өнерінің жандануының басталғанын сол кезеңдегі Үргеніштің ерекше ескерткіштері дәлелдейді. Бұлар – Фахраддин-Рази кесенесі (XII ғасырдың 2-жартысы), Текеш кесенесі (XII ғасырдың аяғы - XIII ғасырдың басы), Кутлуг-Тимур мұнарасы (1321-1333 жж.), Наджмеддин Кубраның кесенесі бар ханака (XIV ғасырдың басы), сопылар әулетінің кесенесі (Турабекханым, 1360 ж.). Сол қатарда Хиуадағы Саид Аллауддин кесенесінің және XIV ғасырда пайда болған Кияттағы Саид Аббас кесенесінің керемет ескерткіштерін атауға болады.

Қорытынды. Хорезм – аймағы көне дәуірден бері алуан түрлі тарихи оқиғалардың тоғысында қалыптасқан өркениет. Ол жалпы Орта Азия мемлекеттерінің орнығуында орасан зор рөл атқарды. Ортағасырлық Хорезмде туындаған қалалық мәдениет осы аумақтағы қазіргі дәстүрлерге әсер еткені айғақ.

Әбул-Фиданың «Тақуим әл-бұлдан» еңбегі Хорезмнің тарихи физикалық географиясын, экономикалық және әлеуметтік географиясын құрастыру үшін маңызды ғылыми мұра болып саналады. Әбул-Фида дәуіріндегі Хорезм ауылшаруашылығы дамыған, қолөнер өндірісі және саудасы дамыған бай, әрі мәдени аймақ болды. Хорезм өлкесінің қалалары ағын судың маңында құрылды. Себебі олар шаруашылық пен тіршілік үшін маңызды еді. Қалалардың сыртына биік дуалдардан бекіністер орнатылды. Көрші елдермен сауда қарым-қатынастары дамыды.

Не себепті Хорезмнің тарихи географиясын зерттеу маңызды және өзекті болып саналады? Адамдардың материалдық және рухани мәдениеті табиғатпен тікелей байланысты, оның бойында түрлі елдер мен континенттердің табиғи ерекшеліктері көрініс табады. Өткен заманның географиясын зерттеудің кез келген түрі тарихи географияны зерттеудің пәні болып саналады, яғни бұны ландшафтарды немесе халықтардың мәдениетін зерттеу дегенге келеді. Заманауи адамды елдердің табиғаты, халықтардың мәдениеті мен экономикасы, әртүрлі табиғи жағдайдағы олардың қызмет

ерекшеліктері туралы географиялық білімсіз елестету киын, бұл білім тарихи сабақтастықты қажет етеді. Ежелгі уақытта география «жерді суреттеу» деп түсінілген. Заманауи географиялық өлкетану зерттеулерінде басқа салалардан алынған географиялық білімдер жиынтығы қолданылады, оның ішінде гуманитарлық ғылымдар: тарих, тіл білімі, әлеуметтану және т.б. бар. Әртүрлі халықтардың даму тарихын, мәдениетін, дінін, әдет-ғұрыптары мен дәстүрін білу қазіргі адамға әлемде болып жатқан көптеген әлеуметтік процестерді түсінуге көмектеседі.

Әртүрлі аймақтық географиялық ақпарат түрлі аумақтың табиғи ерекшеліктерін, олардың ресурстық әлеуетін, экономиканың және халықтың жағдайын салыстыруға, бағалауға мүмкіндік береді. Шалғай елдер, тарихи көне өлкелер туралы, олардың даму ерекшеліктері туралы білім еліміздің табиғатын, экономикалық даму ерекшеліктерін түсінуге және оның ресурстарын тиімді пайдалануға көмектеседі. Қазіргі уақытта аймақтық географиялық табиғатты білу қажеттілігі күрт өсуде. Адамзаттың барлық мәселелері (қоршаған ортаның ластануы, тамақ және энергияға байланысты сұрақтар) барлық елдерге немесе олардың көпшілігіне тікелей қатысты. Әлемдік экономикалық байланыстар, сауда және туризм кеңеюде. Мұның бәрі арнайы аймақтық, тарихи-географиялық білімді қажет етеді.

У. Д. Жузбаева, Б. Ш. Батырхан

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ИСТОРИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ХОРЕЗМСКОГО РЕГИОНА В ТРУДЕ АБУЛЬ-ФИДЫ «ТАКВИМ АЛЬ-БУЛЬДАН»

Аннотация. Целью статьи является изучение исторической географии Хорезма, а также комплексное исследование взаимодействия общества и природы в регионе и отчасти примыкающих к нему территориях. В статье анализируются исторические и географические данные Хорезмского региона в труде Абуль-Фиды «Таквим аль-Бульдан» в период средневековья, которые известны по письменным источникам. В основу статьи также положены материалы археологических исследований и информации трудов других ученых эпохи Абуль-Фиды. Комплексное исследование географии и социальных особенностей городов Хорезмского региона подтверждает сведения о высокой цивилизации, которая возникла на территории Центральной Азии на стыке оседлой и кочевнической традиций, ее городская культура повлияла на становление современных государств. Автор, ссылаясь на письменные источники исследователей средневековья, описывает архитектуру городов, географические координаты, природу и климат, искусство и ремесла, науку и образование, особенности населения и т.д. В исследовании были рассмотрены основные города Хорезма, такие как Куркандж, Джурджания, Кас, Замахшар, Хазаросб, Даръан, Фарабр и др. В статье также проанализированы такие вопросы, как методы использования водных ресурсов и развитие ирригационной системы в средневековье Хорезме.

Хорезм – территория, которая с древних времен формировалась на перекрестке различных исторических событий. Он сыграл огромную роль в становлении государства Центральной Азии в целом. Понятно, что городская культура средневекового Хорезма повлияла на современные традиции региона.

Труд Абуль-Фиды «Таким ал-Бульдан» является важным научным наследием для формирования исторической физической географии, экономической и социальной географии Хорезма. Во времена Абуль-Фиды Хорезм был богатым и культурным регионом с развитым сельским хозяйством, ремеслами и торговлей. Города Хорезмской области образовались у рек, потому что они были важны для экономики и жизни. За пределами городов укрепления строились из высоких стен. Развились торговые отношения с соседними странами.

Хорезм играл важную роль в экономике Мауреннахра, через которую проходила одна из северных ветвей Великого Шелкового пути. Наследие хорезмской архитектуры в целом известно своими уникальными архитектурными памятниками в истории Средней Азии, а также большим вкладом хорезмских зодчих в строительство и изобразительное искусство Средней Азии, которые впоследствии сохранили и внесли свой вклад в развитие архитектуры.

Археологические раскопки подтверждают, что хорезмийцы занимались не только торговлей и земледелием, но и наукой. Хорезмийцы овладели астрономией и математикой. Они изобрели приборы для измерения углов и использовали их в научных исследованиях. В Древнем Хорезме развивались астрономия и многие естественные науки.

Ключевые слова: Хорезм, география, средневековье, город.

U. D. Zhuzbayeva, B. Sh. Batyrkhan

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

**HISTORICAL GEOGRAPHY OF THE KHOREZM REGION
IN THE WORK OF ABU AL-FIDA “TAQWIM AL-BULDAN”**

Abstract. The aim of the article is the historical geography of Khorezm, as well as a comprehensive study of the interaction of society and nature in the region and, in part, the adjacent territories. The article analyzes the historical and geographical data of the Khorezm region in the work of Abu al-Fida “Taqwim al-Buldan” during the Middle Ages, which are known from written sources. The article is also based on the materials of archaeological research and information from the works of other scientists of the Abu al-Fida era. A comprehensive study of the geography and social characteristics of the cities of the Khorezm region confirms information about a high civilization that arose in Central Asia at the junction of sedentary and nomadic traditions, its urban culture influenced the formation of modern states. The author, referring to the written sources of medieval researchers, describes the architecture of cities, geographical coordinates, nature and climate, arts and crafts, science and education, peculiarities of the population, etc. The study examined the main cities of Khorezm, such as: Kurkandzh, Dzhurdzhaniya, Kas, Zamaqshar, Khazarosb, Dar’an, Farabr and others. The article also analyzes such issues as the methods of using water resources and the development of the irrigation system in the Middle Ages Khorezm.

Khorezm, whose territory since ancient times was formed at the crossroads of various historical events. He played a huge role in the formation of the Central Asian state as a whole. It is clear that the urban culture of medieval Khorezm influenced the modern traditions of the region.

The work of Abul-Fida "Takim al-Buldan" is an important scientific heritage for the formation of the historical physical geography, economic and social geography of Khorezm. At the time of Abul-Fida, Khorezm was a rich and cultural region with developed agriculture, crafts and trade. The cities of the Khorezm region were formed along the rivers. Because they were important to the economy and life. Outside the cities, fortifications were built from high walls. Trade relations with neighboring countries have developed.

Khorezm played an important role in the economy of Maurennahr, through which one of the northern branches of the Great Silk Road passed. The heritage of Khorezm architecture as a whole is known for its unique architectural monuments in the history of Central Asia, as well as for the great contribution of Khorezm architects to the construction and fine arts of Central Asia, which subsequently preserved and contributed to the development of architecture.

Archaeological excavations confirm that the Khorezmians were engaged not only in trade and agriculture, but also in science. The Khorezmians mastered astronomy and mathematics. They invented angle measuring devices and used them in scientific research. Astronomy and many natural sciences developed in Ancient Khorezm.

Key words: Khorezm, geography, middle ages, city.

Information about authors:

Zhuzbayeva U.D., PhD student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; uldanai1994@mail.ru; <https://orcid.org/0000-0003-4077-2016>

Batyrkhan B., Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleymenov, Almaty, Kazakhstan; bolatkazakh@gmail.com; <https://orcid.org/0000-0003-2942-925X>

REFERENCES

- [1] Abu al-Fida. Edited by J.T. Reinaud and W. MacGuckin de Slane. (2010) *Taqwim al-Buldan (البلدان تقويم)*. Travel Guide through the Old World. Beirut-Lebanon, 548 p.
 - [2] Abu Reyhan Biruni (1957) *Selected works*. Tashkent-Uzbek SSR, 312 p. Al-Maydani (2017) *Al-Lubab fi Sharh al-Kitab*. Beirut-Lebanon, 714 p.
 - [3] Al-Muqaddasi. Translated by Basil Anthony Collins (2000) *Best Divisions for Knowledge of the Regions: Ahsan al-Taqasim fi Marifat al-Aqalim (Great Books of Islamic Civilization)*. Reading-Great Britain, 498 p.
 - [4] Durdyev M.B. (1993) *Turkmens of Central Asia*. Ashgabat-Turkmenistan, 40 p.
 - [5] Krachkovsky I.Yu. (1957) *Selected works in 6 volumes. Vol. 4. Arabic geographical literature. M. USSR*, 965 p.
 - [6] Matkarimov H. (2016) Khorezm is an ancient civilization of thousands of fortresses // *The Newman In Foreign Policy*. N 34 (78). P. 6-8.
 - [7] Muhammad Ibn Hawqal. Edited by M.J. De Goeje. (2014) *Kitab surat al-Ard (Bibliotheca geographorum Arabicorum)* // Leiden-Netherlands, 428 p.
 - [8] Tenishev E.R. (1997) *Huns' language // Languages of the world: Türkic languages*. Moscow-Russia, pp. 52-53.
 - [9] Tolstov S.P. (1948) *Ancient Khorezm. The experience of historical and archaeological research*. Russia, M. 352 p.
- Yaqut ‘Abd Allah Ibn Al-Ḥamawī. (2010). *Kitab Al-Mushtarik Waḍ’an Wa-Al-Muqtarib Suq’an*. Berlin-Germany, 544 p.

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайте:

www.nauka-nanrk.kz

ISSN 2518-1467 (Online), ISSN 1991-3494 (Print)

<http://www.bulletin-science.kz/index.php/en/>

Редакторы *М. С. Ахметова, Д. С. Аленов, А. Ахметова*
Верстка на компьютере *Д. А. Абдрахимовой*

Подписано в печать 14.10.2020.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
21 п.л. Тираж 500. Заказ 5.